

ӘОЖ 398:801.6; 398:82.0; 801.8; МҒТАР 17.71.07

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.196>Г.С. БӨКЕН<sup>1</sup>, Г.Т. ТЛЕУБЕРДИНА<sup>2</sup><sup>1</sup>PhD, қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университеті  
(Қазақстан, Көкшетау қ.), e-mail: asya\_2309@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университеті  
(Қазақстан, Көкшетау қ.), e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru**ҚАЗІРГІ АЙТЫС ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ  
(Арман Бердалин айтыстары негізінде)**

**Аңдатпа.** Мақалада айтыс жанрының зерттелу барысы, бұрынғы және қазіргі айтыс өнерінің қалыптасуы мен дамуына Арқа өңірінің айтыскері Арман Бердалиннің қосқан үлесі сараланады. Арман Бердалиннің әдеби мұрасы бұрын-соңды толық зерттеу нысанына алынбағандықтан, ақынның Youtube желісінің қоры мен айтыс жинақтарында (антологияларда) жарияланған сөз жарыстары негізге алынды. Ең алдымен, С. Кенжеахметовтың, С. Қасқабасовтың және басқа да зерттеуші ғалымдардың айтыс туралы көзқарастары зерделенеді. А. Бердалиннің А. Жаппарқұловамен айтысы барысындағы тарихи тұлғаларды сөз етуін, атап айтқанда, А. Жаппарқұлова Махамбет ақынның мақамы бойынша жырлап, айтыста Махамбет, Дулат, Майлықожа ақындардың есімдерін атап, ел егемендігі жолында ақындық өнерімен ерен ерлік жасағанын айтса, А. Бердалиннің өз дәуірінде сөз бен ой өткірлігімен дараланған Яссауи, Фарабилермен қатар қойып салыстырғаны, қос ақынның әдеби көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданғандары талданады. Сонымен қатар мақалада Арман Бердалиннің Балғынбек Имашевпен, Сара Тоқтамысова және басқа да замандас айтыскерлермен айтысы барысындағы сөз қолданыстары мен өзіндік қолтаңбалық ерекшеліктері байыпталады. Зерттеу барысында айтыскердің шығармашылық мәнері, көркемдік-стильдік машығы және өңірлік мақамдық ерекшеліктері ғылыми негізде сарапталады. Сондай-ақ айтыстың заманауи поэтикалық құрылымындағы жаңашылдық пен дәстүр жалғастығы да назардан тыс қалмайды.

**Кілт сөздер:** фольклор, айтыс, Арман Бердалин, тапқырлық, суырыпсалмалық, рухани мұра, мақам, көркемдік тәсілдер, поэтикалық құрылым.

G.S. Boken<sup>1</sup>, G.T. Tleuberdina<sup>2</sup><sup>1</sup>PhD, Associate Professor of Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov  
(Kazakhstan, Kokshetau), e-mail: asya\_2309@mail.ru<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate professor of  
Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov**\* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бөкен Г.С., Тлеубердина Г.Т. Қазіргі айтыс тілінің көркемдік ерекшелігі (Арман Бердалин айтыстары негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №2 (136). – Б. 97–113. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.196>

**\*Cite us correctly:**

Boken G.S., Tleuberdina G.T. Qazirgi aitys tilinin korkemdik erekshelegi (Arman Berdalin aitystary negizinde) [Artistic Feature of Modern Aitys Language (Based on the Aitys of Arman Berdalin)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №2 (136). – B. 97–113. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.196>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

(Kazakhstan, Kokshetau), e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

**Artistic Feature of Modern Aitys Language  
(Based on the Aitys of Arman Berdalin)**

**Abstract.** The article explores the study of the aitys genre, the formation and development of this art in the past and present, and the contribution of Arka region's aitys poet Arman Berdalin to its evolution. Since Arman Berdalin's literary legacy has not been the subject of a comprehensive study before, the analysis is based on his verbal duels published on YouTube and in aitys anthologies.

First, the views of scholars such as S. Kenzheakhmetov, S. Kassabasov, and others on the nature of aitys are examined. The article analyzes how, in the aitys with A. Zhapparkulova, Berdalin discusses historical figures: for instance, Zhapparkulova performs in the style of Makhambet, mentioning poets like Makhambet, Dulat, and Mailikhozha, emphasizing their poetic heroism in the fight for national independence. In response, Berdalin compares himself with distinguished thinkers such as Yasawi and Farabi, highlighting the sharpness of thought and language in his era. The effective use of literary devices by both poets is also studied. Additionally, the article examines Arman Berdalin's unique linguistic expressions and stylistic features in his aitys with contemporaries like Balgynbek Imashev, Sara Toktamyssova, and others. The study provides a scholarly analysis of the aitys poet's creative style, artistic-stylistic mastery, and regional performance features of the maqam. The research also addresses the innovation and continuity of tradition within the modern poetic structure of aitys.

**Keywords:** folklore, aitys, Arman Berdalin, resourcefulness, sociability, spiritual heritage, maqam (vocal melody style), artistic devices, poetic structure.

**Г.С. Бөкен<sup>1</sup>, Г.Т. Тлеубердина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова  
(Казakhstan, г. Кокшетау), e-mail: asya\_2309@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова  
(Казakhstan, г. Кокшетау), e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

**Художественная особенность современного языка айтыса  
(По материалам айтыса Армана Бердалина)**

**Аннотация.** В статье рассматривается процесс изучения жанра айтыса, формирование и развитие этого искусства в прошлом и настоящем, а также вклад айтыскера Армана Бердалина в развитие айтыса. Так как литературное наследие Армана Бердалина ранее не становилось предметом полноценного исследования, в основу анализа положены его состязания, опубликованные на платформе YouTube и в сборниках айтысов (антологиях). В первую очередь изучаются взгляды исследователей, таких как С. Кенжеахметов, С. Каскабасов и других учёных, на феномен айтыса. Рассматривается, как в айтысе с А. Жаппаркуловой Арман Бердалин затрагивает образы исторических личностей: например, А. Жаппаркулова исполняет свои строки в манере Махамбета, упоминая таких поэтов, как Махамбет, Дулат, Майлыкожа, подчёркивая их героизм и вклад в борьбу за независимость с помощью поэтического слова. В ответ Арман Бердалин сравнивает себя с такими выдающимися мыслителями, как Яссауи и Фараби, выделяя остроту слова и глубину мысли своей эпохи. Также анализируется использование литературных выразительных средств обоими поэтами. Кроме того, в статье проводится анализ поэтических особенностей Армана Бердалина в айтысах с Балгынбеком Имашевым, Сарой Токтамысовой и другими

современными айтыскерами, выявляются его характерные речевые обороты и индивидуальный стиль. В ходе исследования научно анализируются творческая манера айтыскера, его художественно-стилистическое мастерство и региональные особенности исполнения мақама. Также рассматриваются новаторство и преемственность традиций в современной поэтической структуре айтыса.

**Ключевые слова:** фольклор, айтыс, Арман Бердалин, находчивость, общительность, духовное наследие, макам (мелодия исполнения), художественные приёмы, поэтическая структура.

### Кіріспе

Айтыс – халық шығармашылығының бір түрі, қазақ мәдениетінің және ұлттық бірегейлігінің ажыратылмас бөлігі. Айтыс – екі ақынның сахнада немесе жиналған қауымның алдында өнер көрсетуі, өзара шайырлық бәйге өткізу үрдісі. Ол тек өнер ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени, тарихи, педагогикалық аспектіде де маңызы зор.

Зерттеуші С. Кенжеахметұлы: «Айтыс – ақындар мен данышпандардың ауызша метрикалық түрдегі сайысы. Әрі ол әдеби бағыт ретінде қарастырылады, бірақ іс жүзінде ол ескі заманнан бері халықтық әдет-ғұрып ретінде қалыптасып келген. Оны түрлі ойындар, ізденістер түрі ғана емес, бәйге, күрес деңгейінде таныған» [1, 142–149-бб.], – деп айтысты ақындар мен данышпандардың ауызша метрикалық формадағы сайысы әрі ешбір ойын, ұзату, той, бәйге балуансыз және айтыс ақынсыз өтпейді деген тұжырым жасайды. Ал белгілі фольклортанушы, академик С. Қасқабасов: «Айтыс – фольклор, ауыз әдебиеті, ақындар шығармашылығымен терең байланысып тұрған ерекше жанр. Мұнда театрлық әрі драмалық өнердің басы қосылған, сондықтан айтысты – фольклорлық театр, немесе фольклордың драмалық жанры десе де болады» [2, 47-б.], – деп жалпы айтыстың синкреттілік мәнін атап өтеді. Кейінгі зерттеушілер, «Айтыс – бұл бірлескен диалогтық шығармашылық когнитивтік әрекет, оның психологиялық құрылымы коммуникативтік-интерактивтік сипатқа ие және қазақтың этникалық дүниетанымына байланысты» [3, 85-б.], яғни айтыс бұл – шығармашылық түрдегі танымдық диалог негізінде құрылған психологиялық жүйе, онда өзара сөздік коммуникация, ой мен көзқарастар қайшылығы түйіседі дейді. Үш көзқарас та айтыстың тек поэтикалық жарыс емес, кең ауқымды мәдени құбылыс екенін көрсетеді. Біріншісі – оны дәстүрлі салтпен байланыстырса, екіншісі – көркемдік-театралдық табиғатын ашып, үшіншісі – когнитивтік және психологиялық сипаттарын баса көрсетеді. Осылайша, айтыс – салт, өнер және таным тоғысқан күрделі жанр ретінде бағаланады.

Қазақстанның әр өңірінде айтыстың өзіндік мектептері қалыптасқан. Мәселен, Солтүстік Қазақстан мектебінің ерекшеліктері ретінде келесі жайттарды атап өтуге болады. Яғни ондағы айтыс аймақтағы өзекті әлеуметтік мәселелерді, ауыл өмірін, тұрмысқа байланысты тақырыптарды қамтиды. Стилi қарапайым және түсінiктi [4,5]. Қазақстандағы айтыс мектептерi бiр-бiрiмен тығыз байланысты, бiрақ әрқайсысының өзiндiк ерекшелiктерi мен дәстүрлерi бар. Айтыс өнерi – қазақ мәдениетiнiң ажырамас бөлiгi, халықтың рухани байлығын сақтап, келер ұрпаққа жеткізуші екені белгілі.

«Айтыс өнері әр дәуірде пайда болып, өмір сүрген қоғам адамдарының өмірімен, саяси және әлеуметтік жағдайларымен, кемшіліктермен, жетістіктерімен тығыз байланысты дамып, көркемдік шыңына көтерілді» [5, 14-б.], – делінеді. Яғни айтыс өнері қашан да дәуірдің көрінісі, рухани қоғамның бір бөлігі. Онда елдің, тіпті өңірдің тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігі, саяси-әлеуметтік жағдайлары көрініс табады [6; 7].

Бүгінгі күні айтыс өнері заман талабына сай өзгерістерге ұшырауда. Технологияның дамуы және медиа жүйелерінің көбеюі айтыстың жаңа формаларын туғызуда. Әлеуметтік

желілер мен телеарналар арқылы айтыскерлердің шығармашылығы кең танымалдыққа ие болды. Айтыс мектептерінің ерекшеліктері ретінде тақырыптық әртүрлілікті айтуға болады. Айтыс мектептері әртүрлі әлеуметтік, мәдени және тарихи тақырыптарды қозғайды.

Зерттеу мақаламызда Солтүстік Қазақстан мектебінің өкілі, Арқа ақыны Арман Бердалиннің айтыстарындағы ерекшеліктерді сараламақпыз. Арман Бердалин – айтыскер, Республикалық және халықаралық айтыстардың жеңімпазы, ақын, жазушы, саясаттанушы. «Қазақ пен арақ», «Жоқ іздеп жүрмін», «Айсары» сынды кітаптардың авторы.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақала айтыс тақырыбына, соның ішінде арнайы белгілі айтыскер Арман Бердалиннің шығармашылық мұрасына арналғандықтан, ақын мұраларын жинақтау, талдау, ой қорыту, синтез әдістері қолданылды.

Мақала жазу барысында зерттеу нысанына алынған ақын Арман Бердалиннің Анар Жаппарқұлова, Балғынбек Имашев, Сара Тоқтамысова сынды белгілі айтыскерлермен сөз сайыстары талданады. Әрі Арман Бердалиннің өзіндік қолтаңбасын анықтау мақсатында Айтбай Жұмағұлов, Анар Жаппарқұлова, Балғынбек Имашев, Дәулеткерей Кәпұлы, Айбек Қалиев, Күмісай Сарсенбаева, Сара Тоқтамысова, Серікзат Дүйсенғазы, Қанатбек Зәйтollaмен айтысындағы үзінділердің көркемдік ерекшеліктері сараланады. Теориялық негіз ретінде айтыстың тарихы мен қалыптасуына байланысты S. Kenzheahmetuly «Aitys. Traditional music of Kazakhs», М. Әуезовтың «Айтыс өлеңдері», «Қазақ әдебиеті тарихы» зерттеуі, С. Қасқабасовтың «Жаназық. Әр жылғы зерттеулер» атты еңбектері басшылыққа алынды. «Social Information Exchange in Aitys Performances» (М. Саудабаев), «Psychological nature of the art of aitys» (С. Бердібаева, etc.), «Psychological Structure of «Aitys» as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore» (С. Бердібаева), «Kazak halkinin aytis sanati» (N. Mursalimova), «Қазіргі айтыстың тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері» (З. Сейтіжанов), «Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world» (Г. Тлеубердина), яғни бүгінгі айтыстың әлеуметтік және танымды-психологиялық мәнін тануға негіз болатын зерттеу еңбектері және Арман Бердалиннің айтыстарындағы мәтіндері негізге алынды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Арман Бердалин мен отырарлық Анар Жаппарқұлова айтысы 2003 жылы Астана қаласында өткен болатын. Айтыс жеңге мен қайын інісінің әзіл түріндегі айтысы ретінде құрылады. Кезінде зерттеушілер М. Саудабаев, Б. Байымбетов, Б. Криповтың «Social Information Exchange in Aitys Performances» мақаласында айтыстың жас пен жыныс, ұлт пен ұлыс, тіпті мамандық та талғамайтын өнер деген тұжырымға келеді: «Айтыс қария мен жастың, ер мен әйелдің, бала мен ересектің, мысалы, танымал ақын мен енді бастап келе жатқан жасөспірімнің арасында да өтуі мүмкін – барлығы шектеусіз еркін түрде бақ сынап, жарыса алады. Қазақ халқы айтыстағы теңсіздікке сын көзбен қарамайды. Дәл осы теңсіздікке байланысты кейбір ақындардың қарсыластарына айтқан дөрекі не кейде балағат сөздері көбінесе айып немесе теріс қылық деп саналмайды» [7, 72-б.], – делінеді. Осылайша, зерттеушілер айтыстың әлеуметтік шекаралардан тыс, бәріне ортақ қолжетімді өнер екенін атап көрсетеді. Жас ерекшелігі, жыныс немесе тәжірибе деңгейіне қарамастан, кез келген адам айтысқа қатысып, өз үнін қоса алуы – бұл айтыстың демократиялық әрі ашық сипатын айқындайтын ерекшелігі болмақ.

Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша да, «Айтыс – ұлттық идеологияның жалынды жаршысына айналып, жақсылықты жария ететін, кемшіліктерді кесіп түсер сөз семсерге айналған жанр. Күйіндіретін де сүйіндіретін, халыққа ләззат сыйлайтын өнер. Қоғамдық өмір сауалдарын кеңінен қамтып, шынайы айтатын өнер» [8, 24-б.]. Сондықтан да айтыста

білімділік, тәлімділік, тапқырлық, әлеуметтік қайшылықтарды сынау, қоғамдық, ел арасындағы әділетсіздіктерді әшкерелеу сияқты жайттарды кездестіруге болады [9, 56-б.].

Шынымен де шын дарынды айтыскерлер жасына да, жынысына да қарамай тең дәрежеде айтысатынын да осы айтыстан-ақ көруге болады.

Айтыс барысында ел, жер, тарих, тіл, дін, діл, саясат, рухани және мәдени мәселелер айтыла келе, А. Жаппарқұлова:

Кешегі кеңес кезінде – **а**  
Жойылды елде қанағат, – **б**  
Хан-сұлтандар да қаншама – **а**  
Кетті ғой елді табалап – **в**  
Қарындас қалды ағалап, – **в**  
Аналар қалды балалап, – **в**  
Тәуелсіз елміз ал бүгін, – **г**  
Етейік бір сәт қанағат! – **б**  
Бейбіт күннің қадірін – **г**  
Білейік біздеп бағалап – **в** [10].

Бұл жолдар арқылы ақын кешегі Кеңес тұсындағы зұлмат заманның қасіретін айта келіп, бүгінгі ел егемендігінің қадір-қасиетін ұғына және келешек ұрпаққа ұғындыра білу керектігін тілге тиек етеді. Айтыскердің бұл шумағында өткен тарихи зұлмат кезең мен қазіргі бейбіт өмірдің маңызын салыстыра отырып, азаматтық үн, ұлттық мұраттар мен рухани сабақтастық үндестігі айқын көрініс табады. Сонымен қатар, ұйқас еркіндігі мен поэтикалық құрылымның даралығы айтыстың көркемдік мүмкіндігін, сөз бен ой еркіндігін кеңінен аша түседі. Жоғарыдағы шумақ академик Қ. Жұмалиевтің қазақ поэзиясындағы ұйқастарды топтастыру классификациясындағы осы күнгі ерікті ұйқас формасына негізделгенін байқаймыз.

Айтыскер Отырар өңірінің мақамына сай, рухты шумақтарды ерікті ұйқас негізінде төкпелейді. Әрі ақын Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы сынды ұлт тарихындағы белгілі тұлғалардың есімдері мен мұраларын дәріптеуді әсте ұмытпайды.

Мәселен,

**Мұра** боп біз жастарға жеткен еді

Махамбет, Дулат ақын, Майлықожа,

Мен үшін таусылмайтын мектеп еді [10].

Бұл жолдарда автор бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталай келіп, аллитерация тәсілін пайдаланады. Айтыскер ақын қыз Махамбет Өтемісұлының мұрасын дәріптей келіп, өзі де Махамбетше ой толғайды. Ел ертең үшін еңіреп өткен ақын әрі жырау Махамбеттің сонау қысылтаяң заманда жолдасы Исатай Тайманұлынан қапыда айырылып, жалғыздықтың құрсауында қалса да, ел ертегінің жарқын болашағы мен Тәуелсіздігін аңсау арманына арналған «Жалғыздық» атты өлеңімен салыстырып көрейік.

**Махамбетте:**

**Азамат ерлер** кімде жоқ,

Еріккен күні қолда **жоқ**.

**Заманым** менің тар болды,

**Тура билік биде жоқ**.

**Бәрін айт та, бірін айт,**

Қаумалаған қайран қарындас

Қазақта бар да, менде жоқ [10].

**А.Жаппарқұловада:**

Заманды жаман деп айтса,

Аққа күйе жағылар.  
Азамат ерлер аз емес,  
Алашым дейтін ары бар  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Рухты сөзді бүгін айт!  
Осынау күнге кеп жеткен  
Қазақтың қайсар бағы бар [10]!

Көріп отырғанымыздай, XIX ғасырда Махамбет Өтемісұлы да ел деп жүрегі соққан *азамат ерлер жоқ емес* десе, Анар ақын да *азамат ерлер аз емес* дейді. Махамбет ақын әділ биліктің жоқтығын *тура билік биде жоқ, заманым тар* десе, ал Анар ақын *заманды жаман деп айтса, аққа күйе жағылар* деген жолдары арқылы қазіргі саяси билікті, үкіметтегі кемшін тұстарды айтқан жанның өзі жапа шегіп қалатынын өткір сынайды. Махамбет Өтемісұлы мен Анар Жаппарқұлова поэзиясындағы ортақ тақырыптар мен көркемдік тәсілдерді салыстырмалы түрде көрсететін кесте:

**1-кесте – М. Өтемісұлы мен А. Жаппарқұлова поэзиясындағы ортақ тақырыптар мен көркемдік тәсілдердің салыстырмалы кестесі**

| Салыстыру өлшемі      | Махамбет Өтемісұлы                                      | Анар Жаппарқұлова                                                    |
|-----------------------|---------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| Тақырыптық бағыт      | Елдің болашағы, әділ билікке зәрулік, жалғыздық         | Тәуелсіз елдің қадірі, рухты халық бейнесі                           |
| Патриоттық үн         | «Қаумалаған қайран қарындас, қазақта бар да, менде жоқ» | «Қазақтың қайсар бағы бар»                                           |
| Әлеуметтік сын        | «Тура билік биде жоқ» – әділетсіздікке наразылық        | «Заманды жаман деп айтса, аққа күйе жағылар» – қазіргі билікке ишара |
| Көркемдік тәсіл       | Қайталау, поэтикалық анфора, экспрессия                 | Аллитерация, қайталау, мазмұндық үндестік                            |
| Ұйқастық құрылым      | Қатаң метрикалық (жыр үлгісі), шұбыртпалы ұйқас         | Ерікті ұйқас, жаңа дәуір поэзиясына тән құрылым                      |
| Сөз тіркесі үндестігі | «Бәрін айт та, бірін айт» – әлеуметтік қорытынды        | «Бәрін айт та, бірін айт» – рухты сөзге басымдық беру                |
| Тарихи кезеңі         | XIX ғасыр – азаттық үшін күрес кезеңі                   | XXI ғасыр – егемен елдің рухани серпіліс кезеңі                      |
| Қоғамға үндеу         | Еркіндікке шақыру, ел бірлігін аңсау                    | Тәуелсіздік құндылығын бағалау, бейбіт ел болуға үндеу               |

Бұл кесте арқылы екі ақын шығармаларындағы тарихи сабақтастық, көркемдік үндестік пен рухани жалғастық айқын көрініс табады. Қос ақын да *бәрін айт та, бірін айт* сөз тіркесі арқылы көптеген әлеуметтік, саяси мәселелер болғанымен, бәрінің де токетері ел азаттығы, сол егемендікке жеткен рухты қайыспас қазақ халқы дегенге саяды. А. Жаппарқұлова өткір өлеңді араға теңей келе, ол әрі шырынды бал сияқты дәмді, әрі у сияқты зәрлі деген шебер сипаттай ұсынады:

Өлең де ара сияқты  
Зәрі бар, әрі балы бар [10].

Сол сияқты А. Бердалин де әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби мен Ортаазиялық пәлсафашы Яссауидің адамзат тарихындағы әдеби, рухани мұраларын тілге тиек етеді:

Түркістан жер бетінде жай қалашық,  
Даңқымен Яссауидің нұрланбаса  
Ұлы ұстаз Фарабисіз ғылым жетім [10].

Айтыс барысында Анар ақын кешегі Зар заман ақындарының ұлт тарихындағы өлшеусіз ерліктерін атай келіп, «Абай жолы» роман-эпопеясында солақай саясаттың кесірінен есімі өзгертілуге тура келген Дулат Бабатайұлының есіл есімін Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қайта жаңғырғанын жырлап өтеді:

Шортанбай Мұратпенен Нарынбектер,

Қайсармай, жырлап өтті зар заманда.

**Барлас** деп **Дулатты** айтты ұлы Мұхтар,

Үңіліп астарына аңдағанға.

Айғайлап **Дулат** атын айтар ма едік?

Біз бүгін егемендік алмағанда [10].

Жоғарыда атап өткеніміздей, айтыс әзіл-қалжың түрінде өрбігендіктен, айтыста Арман ақын орыс тіліндегі *базарком*, *панель* сөздерін юморлық тұрғыда қолдана біледі.

Шымкенттен жеміс жидек әкелсеңіз,

**Базаркоммен** сөйлесіп өткізейін.

Соннан кейін астына **панель** төсеп,

Мұзқалада сырғанақ тепкізейін [10].

Негізінен, бұл айтыста қос ақын троп және фигура түрлерін жиі пайдаланады. Арман ақынның Астананың *аруға*, елді *текті ел* деуі, *тектілердің тұрағына* балау үшін эпитет пен метафораның көмекші етістік арқылы жасалатын түрін қолданады:

Халықты аралатып жыр әлемін – **а**

Шабысын көрсетейін құлагердің, – **а**

Астанам - **ару** қалам, аманбысың?! – **а**

**Текті** елім, тектілердің тұрағы **едің** – **а** [10]. Ақын айтыс барысында бірде шұбыртпалы ұйқасты(а,а,а,а), енді бірде қара өлең ұйқасын (а,а,б,а) араластырып отырады:

**Атпайын** сізге бүгін бөтенсіп ой? – **а**

Қайыңдар бағын табар **мекенсің** ғой – **а**

Жеңеше анда-санда күліп қойшы – **б**

Е бәсе, күлсең сұлу екенсің ғой... – **а** [10].

А. Бердалин қарсылас айтыскердің момын мінезін тіпті жансыз *қайыңдарға бақ болар мекенге* метафораның жай түрі арқылы баласа, *атпайын сізге бүгін бөтенсіп ой деп* өлең жолдарындағы сөздердің орындарын ауыстырып, өзгеше тіркес құрау үшін инверсия тәсілін де қолданғанын көреміз. Бұл орайда, біз ақынның инверсия тәсілін жиі пайдаланатынын аңғарта аламыз.

**Отырсыз** көңілді бөлгендей боп,

**Болайын** жанбай жатып сөнгендей боп [10].

Немесе,

**Айтпасам** да білесіз, **бойдақпын** ғой,

**Бойдақ** деген меймандай үйге келген [10]. *Отырсыз, болайын, айтпасам* сынды етістіктерді қалыптасқан орын тәртібін өзгерту арқылы ақын ерекше қолданыс, көпшілікке және қарсыласына назар аудару, акцент қою үшін қолданғанын аңғару қиын емес. Жоғарыдағы екі тармақта ақын *бойдақ* сөзі арқылы еспе қайталауды да сәтті жасайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Арман Бердалин бұл айтыста жұптасының сауалдарына өз жауаптары эмоционалды және экспрессивті түрде ұтымды жету үшін дәстүрлі қара өлең мен шұбыртпалы ұйқасты қатар қолданып отырады:

**Сал** көңіл, сені **көріп сайрандасын**, – **а**

**Жаз** көңіл сен **көріп, жайрандасын**. – **а**

Құдай-ау, бұл жеңгеме не айтамын? – **а**

**Бақыты** басқа жанға **байланғанын**. – **а** [10]. Бұл төрт жол шумақтың өзінде-ақ ақын өзінің ішкі көңіл-күйін айқындай түсу үшін көңілін – *салға* (еркін), көңілін – *жазға*

(жайдары) метафора құбылыс арқылы балайды. Әрі жұптасына деген ілтипатын *көңілінің көріп сайрандауы, жайраңдауы* кейіптеулері арқылы танытса, ал оның отбасылы екенін халыққа жеткізуі үшін ақын *бақыты басқа жанға байланған* кейіптеуі арқылы шебер жеткізеді.

Сонымен қатар Анар Жаппарқұлова да инверсияны *отырып ап, жүрсің*, эпитетті *сұлу*, қайталаудың эпифора түрін *екен*, фразеологизмдік тіркесті *көзі түсіп*, аллитерацияны сөз жарыста көркемдік құрал ретінде жиі қолданады.

Шаппа-шап ақындарын-ай, шаппай ма **екен?** – **а**

Жеңгеңіз қысылмай сөз таппай ма **екен** – **а**

Жүрсің де **сұлу** қыздың **көзі түсіп** – **б**

**Отырып** ап мұрныңызды мақтайды **екен** – **а** [10].

Немесе,

**Би** болмасаң да әйтеуір,

**Би** түсетін үй болғын [10]! Бұл тармақтағы *би* анафоралық қолданысын арқылы ақын жұптас ақынына астары терең бата бергенін әрі ауыз әдебиетінің осы үлгісін шебер қолдана білгенін аңғарамыз. Яғни өзің *би* болмасаң да, бидің сөзін ұға алатын таным көкжиегі кең, әділ де азат ой мен кесімді шешімді түсіне білетін түсінігі зор тұлға бола біл дейді. Айтыскер ақын қазақ ұлтына тән ұлттық танымдағы сөз қолданыстарды да сәтті қолданысына енгізе білген. Қарсыласы Арман ақынның әлі де бойдақ екенін тілге тиек ете келе, *сұрленген еттей сұр бойдақ* суретті метафоралық эпитетті сәтті пайдаланады.

**Сұр** бойдақ болып көп жүрме,

**Сұрленген еттей** тұздалған [10]. Жұптасының бұл назына Арман ақын әзіл түрінде эпифоралық қайталау тәсілі мен қара өлең ұйқасын шебер пайдаланып, жауап қайырады:

Сендей жан біздерге тек қорек **екен**, – **а**

Орнын тек қайының үшін бөлек **екен** – **а**

Өзіндей жеңгелерді көрген кезде – **б**

Бойдақтың үйленгісі келеді **екен** – **а** [10].

Негізінен алғанда, әр ақынның өзіндік өңіріне байланысты мақамы болады. Сол мақамын жүзеге асыру үшін бойында суырыпсалмалық машық қалыптастыратыны анық. Яғни айтыстағы мақам – белгілі бір әуен, әуезбен өлеңді орындау стилі екені белгілі. Әр өңірдің өзіне тән мақамдары бар деп атап өттік. Ендеше, олар айтыстың көркемдік құндылығын арттыратын бір құрал ретінде іске асады. Әрі өңірлік айырмашылықтары ретінде мақамның Қазақстанның әр аймағындағы айтыскерлер қолданатын өз мақамдары бар және олар әртүрлі. Ал мақамның айтыстағы маңызы ол – мақам айтыскердің шеберлігін көрсетеді. Ол тек өлең сөзін ғана емес, тыңдарманның көңілін көтеретін, әсерлі жеткізетін құрал болып саналады. Мәселен, Арқаның мақамы мен Жетісу мақамы өздеріне тән әуездік бояуларымен ерекшеленеді. Бұл орайда, біз зерттеу нысанымызға алған арқалық Арман Бердалиннің де мақамына назар аударуды жөн деп көрдік. Шұбытпалы ұйқаспен төкпе жырды жеткізу үшін ақын *сұлу* сөзін эпифоралық түрде бірнеше рет қайталап қолданады әрі Арқаның кең байтақ жерінің кеңдігі мен ойнақшып ұйытқыған самал желінің екпіні сияқты шумақтарын екі рет қайталай отырып, бірде жоғары, енді бірде төмен темппен (ырғақпен) көркем түрде жеткізеді. Оны біз айтыстағы қарсылас ақыны Анар Жаппарқұлованы, өзін әрі Қазақстанның әр өңірін бірлестікте мадақтау түріндегі мына жолдарынан зерделей аламыз:

Күннен күнге құлпырған,

Астанадай ел **сұлу**

Даласына сыр тұңған,

Сарыарқадай жер **сұлу**!

Оңтүстікте сен **сұлу**,

Солтүстікте мен **сұлу**!

Шыға келдік сахнаға,  
Айтыстағы тең **сұлу!**  
*Оңтүстікте сен сұлу,*  
*Солтүстікте мен сұлу!*  
*Шыға келдік сахнаға*  
*Айтыстағы тең сұлу!* [10].

Жоғарыда біз Арман Бердалиннің Анар Жаппарқұловамен өткен айтысын талдадық. Ол айтыстың жеңгесі мен қайын інісі арасындағы әзіл-қалжың түрінде құрылған айтыс екенін сараладық. Келесі талдайтын айтысымыз Арман Бердалиннің 2004 жылы Мәскеуде белгілі Алматылық айтыскер Балғынбек Имашев айтысы болмақ. Жалпы айтыстың негізі тақырыбы – ұлттар арасындағы толлеранттылық. Қазақ тарихында болған елеулі оқиғаларға шолу жасай отырып, ел Тәуелсіздігі жолындағы жеңілістер мен жеңістер, көршілес елмен достық келіссөздер мен қарым-қатынастар орнату мәселелері сөз болады.

Балғынбек ақын мен Арман ақын екеуінің де қолданысында әсем де әуезді ырғақ бар. Философиялық ой тереңдігі басым. Балғынбек ақын мақамында бастапқыда мақтап-мақтап, артынан тиісіп сөйлеуі байқалады. Екі ақынның да сөз қолданысында көркемдегіш құралдар кездеседі. Айтысты алғашқы болып бастаған Арман ақын орыс сөздерін қолдану арқылы әрі юморлық әрі сарказмдық астар танытады:

Мәскеулік қандас қазақ, аманбысын, – а  
Сыйлас дос, сырлас болған **сары бастарға - б**  
Ассалаумағалейкум, сәлем бердім – а

«Здравствуйды» күнде еститін қандастарға – б [10]. Айтыскер ақын шалыс ұйқас (а, б, а, б) қолданады. **Сары бастар** – синекдохасы арқылы күллі орыс халқын атаса, «Здравствуйды» күнде еститін қандастар деуі сол Ресей Федерациясында тұратын қазақ ұлтының азаматтарына наз айтады. Тарихи және саяси мәселелені аллитерациялық тәсіл арқылы астарлап жеткізе білген хас ақын Арман Бердалиннің Ресей жеріндегі Кенесары Қасымұлының бас сүйегін тілге тиек етіп, кейінгі ұрпақтың да бұл шешілмес мәселеден хабарлар болуын ескертеді.

Бабамның басы жатқан ұлы өлкеге,

Баланың тыңдатайын жас жүрегін [10]. Бұл орайда Балғынбек Имашев те «Игорь жасағы туралы жыр» (орыс т. «Слово о полку Игореве») атты ежелгі орыс халқының эпосы да түркілерге тиесілі екеніні, ондағы басты жырау – Баян жырау екенін есте ұмытпағанымыз жөн екенін атап өтеді:

**Игорьдың жасағындай жыр** тудырған,  
**Баян жырау** секілді ұлың барда [10].

Бұл айтыс барысында Арман Бердалиннің ассонанстық, аллитерациялық қайталауларды жиі пайдаланғанын аңғарамыз. Ассонанстық қайталаулар:

Алла деп алдарында ән бастарда,  
Айналам айтыстағы алдаспанға  
Орыс-қазақ тілдері болды егіз.

Орысша шүлдірлесіп өзімізше [10]. Бұл тұста ақын ащы шындықты сарказм тілімен жеткізіп отыр. Қазақ еліндегі әлі де мемлекеттік тілмен бірге қатар қолданыстағы орыс тілін *егізге* балап сынап түседі.

Шаршы топ алдындағы сөз додасында айтыскер ақынның мақамына сай поэтикалық қайталаулар, соның ішінде тілдік қайталаулар, сөз жарысының айтылу әсемдігіне әсерлі ықпал жасайды. Себебі, тыңдаушы қауымның есте сақтау, жадында ұстау мақсатында қызмет атқаратындығын атап кету керек. Келтірілген үзінділердегі бірінші мысалда ақын кеткен сөзін кезекті қайталау арқылы Арман Бердалиннің аллитерацияны, сол сияқты оның

қарсылас ақыны Балғынбек Имашевтің де сол тәсілді қолдануы диалог әсерлі, көркем әрі ұтымды құрылуына ықпал еткенін тани аламыз.

Арман Бердалиндегі аллитерациялық қайталауларды сараласақ:

Жаратқан өзі бізге жақ болғандай,

Жұлдызымыз жарқырап шақ болғандай [10].

Немесе,

Салмақты, салиқалы сөз айт елге,

Сақтардың қылышына сап болғандай.

Сөзіңнің түрін көрмей тиіспейін [10].

Өз кезегінде Балғынбек Имашев те аллитерациялық қайталауларды сәтті қолданады:

Сөзімнің айтар болсам құдды бәрін,

Сағыныштан жанарды шық қыламын [10].

Немесе,

Қамыңды жасап ертерек,

Қалқаныңды қолға алып,

Қамалыңды құрарсың.

Керемет болсаң көрейін,

Көлеңкеңнен озып көр [10].

Екі ақынның айтыс барысындағы дыбыстар үндестігімен, ұнамды, өткір үнімен, үйлесімдігімен, яғни гармониялық ерекшеленеді. Себебі бұл ақындардың психикалық табиғатынан, ырғақтық-интонациялық суретінің сипатымен, оның синтаксисімен қабысуынан, поэзиялық және музыкалық мазмұнның келісімінен туады. Расында, бұл айтыс ақынына ойды әсерлеп, мәнерлеп айтуда өлең құраудың тетіктерін мүлтіксіз меңгеру, ақынға оңай соқпайды. Біркелкі буын санына негіздей келе, бунақ есебінің тұрақтылығы, яки жіктеліп бөлінуінің орнықтылығы сияқты байланыстар жүйесі сөздің тұтастығына әсер ететіні аян. Осы мысалдар негізінде айтыскер ақындардың аллитерация мен қайталауды көркемдік құрал ретінде орынды қолдануы олардың шеберлігін айқындайды. Бұл тәсілдер айтыстың музыкалық және поэтикалық тұтастығын арттырып, тыңдаушыға эмоциялық әрі эстетикалық әсер береді. Сонымен қатар, дыбыстық үндестік пен ырғақтың үйлесімі арқылы айтылған ой мәнерлі әрі есте қаларлық сипатқа ие болады. Мәселен, А. Бердалиннің ұқсас дауыссыз дыбыстарды үйлестіре келе, ырғақ пен мақамның үндестігін, яғни Арқа жерінің мақамдық ерекшелігін әсерлі жеткізуіне септігін тигізгенін аңғарамыз.

Арман Бердалиндегі аллитерациялық қайталауларды сараласақ:

Барымызды салайық енді ортаға,

Бұл өзі басқа түскен сын еді ғой [10].

Тірегі ақын болған Алашымның,

Тілегін тәңір берген күн еді ғой [10].

Айтыс барысында қос ақын **риторикалық сұрақтарды** да жиі пайдаланады.

Мәселен, Балғынбек ақында әрі риторикалық сұрақтар, әрі эпифоралық тұтас қайталауларды байқаймыз:

Жағамнан алмақшы ма келіп бүгін?

Ағамыз енді қызық толғайды **ма**?

Ініңіз сонда айтшы, сорлайды **ма**?

Балға балды қосқандай болмайды **ма**?

Ұлтымды **неге айтпайсың**?

Соғысты **неге айтпайсың**?

Орысты **неге айтпайсың**?

Бірақ та Москвада байқап жүргін,

Кім келіп тағдырыңа бал ашып жүр [10]?

Риторикалық сұрақтар Арман Бердалиннің мына бір жолдарынан да кездестіреміз:

Балғынбек, балпаң басып келдіңіз бе?

Не өнер көрсетесің енді бізге [10]?

Бұл айтыс барысында қос дүлдүл де екі өзіндік сөз саптауымен ерекшеленіп, өңірлік мақамдарына сай ел тарихы мен халықтың тағдыр талайынан сыр шертіп, елдегі маңызды саяси, мәдени, әлеуметтік және рухани мәселелерді боямасыз жырлай білгендіктерін көреміз.

Арқаның мақамын тану мақсатында белгілі айтыскер ақын Арман Бердалин мен Сара Тоқтамысованың айтысы негізінде талдайтын боламыз.

Айтыс түрі – қыз бен жігіт айтысы (кәсіби айтыс ақындары). Бұл айтыста Арман Бердалин көркемдік ерекшеліктер ретінде **риторикалық сұрақ, қайталаудың** – *ассонанс, анафора, эпифора түрін; ұйқастың шалыс, қара өлең, егіз ұйқас түрлерін* жиі қолданса, Сара Тоқтамысова **қайталаудың** – *аллитерация, ассонанс, анафора, эпифора түрін; ұйқастың шұбыртпалы ұйқас түрін* қолданады.

Арман ақынның формалық түрде қара өлеңге құрылып, ассонанстық қайталау түріндегі айтысынан бір шумақ келтірсек:

Бауырға басқан бәрін баласындай – **а**

Алматым, бар қазақтың анасындай. – **а**

Ақмола Астана боп аталса да – **б**

**Алматы** азиялық қағбасындай – **а** [10].

Бұл тұста автор Алматыны күллі қазақтың анасына, тіпті азиялық қағбаға теңей келе, оны рухани қазынамыздың негізі түп қазығы дейді. Сөз жарыста айтыскер Алматы қаласын *Алматым, біздер үшін сен ұстазсың* деп ұстазға балайтыны бар. Айтыс барысында ақын қара өлең ұйқасымен қатар шалыс ұйқасты да жиі қолданатынын байқауға болады:

Балаңмын ақ жүзінді аңсап келген – **а**

Аралдың су тілеген жағасындай – **б**

Ұрпағы сал-серінің мен боламын – **а**

Тұлпардың тұяғының тағасындай – **б** [10].

Негізінен, айтыстағы мақамының табиғатын танып білу үшін алдымен ырғақ, буын, бунақ сияқты мәселелерге үңілу қажет екені белгілі. Ырғақ көне құбылыс. Көркемділік те, тәртіптілік те, мәнерлілік те осында. Ырғақ жүйесі еңбек тәртібімен, мақсат, іс-қимылымен ұштасып жататыны анық. Мұны біз Арман Бердалин мен Сара Тоқтамысованың өлең шумақтарындағы буын мен бунақтың әр тармақтың үйлесімді ырғаққа құрылуынан бағамдауға да болады.

Арман ақында:

Тимесін Сара саған көптің көзі – **а**

Жылуын бермес сендей оттың өзі – **а**

Қасыма хордың қызы жайғасыпты – **б**

Жұмаққа кіріп кеткен **жоқпын ба өзі?** – **а** [10].

Арман Бердалиннің бұл айтысында егіз ұйқастың түрін де кездестіруге болады:

Хордың қызы секілді сұлусың ғой – **а**

Есінен талайларды тандырғандай – **а**

Мың шүкір жеткеніме таңға мына – **б**

Мойымай бес күндіктің жалғанына – **б** [10].

Көкен Шәкеевтанушы, филология ғылымдарының кандидаты Г. Тлеубердина «Көкен Шәкеев әлемі» атты монографиясында айтыстағы машық мәселесін тікелей ырғақ жүйесімен өзара байланыста зерделей келе: «...Айтыстағы ырғақ жарасымдылығын, жатықтығын тудыратын буын санының белгілі бір мөлшерін біркелкілікке көшіретін тұрақты бунақ құрылысы мен бунақ жігінің кеңістікке байланысты алғанда, келісімді уақыт ішінде

мейлінше нақпа-нақ отыруы, келісім мен үнге бейімделуі, белгілі-бір бөлшектердің шамаластыққа, ұқсастыққа сүйенуі, орайлас ұйымдасуы, тәртіпті түзіліске, жүйелілікке, амал-тәсілге бағынуы, кірпіштей қалануы, сәйкестендірілуі осыны дәлелдей түседі» [11, 134-б.], – дегенді ұтымды пікірін білдіреді. Әсіресе, біз қарастырып отырған қазіргі айтыскер акындардың ішіндегі Сара мен Арман акын айтыстарының төмендегі аллитерациялық, ассонанстық, эпифоралық қайталаулар мен шұбыртпалы ұйқасқа құрылған ырғақты шумақтарынан байыптай аламыз.

Сара Тоқтамысовада аллитерациялық қайталаулар мен шұбыртпалы ұйқас түрін қолданғанын сараласақ:

**Кез бүгін жыр тұлпарға қамшы ұратын – а**

**Кез бүгін қара жерден шаң шығатын – а**

**Кез бүгін тұлпарлардың тұяғынан – а**

Қара жер қамырдай боп жаншылатын – а [10].

Ендігі кезекте акын аллитерациялық қайталаулар мен кезекті қайталаудың түрін де қолданғанын аңғара аламыз:

**Бойларың балғын жырдан шымырласын – а**

**Бабалар салып кеткен сара жолдың – б**

**Балалар сырын қалай ұғынбасын – а**

**Белдесіп біз көрейік бетпе-бет кеп – в [10].**

Айтыс – қоғамның рухани айнасы. Қоғамда орын алған кез келген мәселе айтыста көрініс табады. Акын қарапайым халықтың назын боямасыз жеткізеді әрі орын алған жайтты ащы сынайды. «Қай дәуірде болмасын айтыстың ішкі мазмұны сол қоғамдағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, саяси-әлеуметтік жағдайына, кемшіліктері мен жетістіктеріне байланысты өрбіп, көркемдігі жағынан биік белестерге көтерілді. Сөйтіп, әдебиет тарихында дәстүрлі сөз өнерінің жалғасы ретінде жазылып қалды және халқымызбен мәңгі бірге жасай беретініне ешкімнің де күмәні жоқ» [12, 220-б.]. Сондай-ақ айтыстың негізгі ерекшелігі де «Айтыстың өзгешелігі – әзіл-қалжыңға, юмор мен сатираға сүйене отырып елдің мұңын, тұрмыстық жайын, әдет-ғұрыпын, ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік сияқты мәселелерді қозғай отырып, қарсыласын ұтымды дәлелмен тізе бүктіру арқылы өз мерейін арттыру» [13, 14-б.], – делінеді. Бұл орай да, Арман акын жұптасы Сараның сұлулығын әспеттеуде «шалдардың шұбырады сілекейі» деп қалжыңын ұтымды қолданғанын байқаймыз.

Арман Бердалиннің аллитерациялық қайталау мен кезекті ұйқас түрін кездестіреміз:

**Саражан, сен осыны аңғардың ба? – а**

**Сендей қызды көргенде бізді қойшы – а**

**Сілекейі шұбырады шалдардың да – а**

**Саражан, ерем десең алып кетіп – б [10].**

Сонымен қатар айтыс барысында Арман акын бірде анафоралық қайталауларды қолданғанын байқаймыз:

**Айтысты меншігім деп бақыруда.**

**Айтысты ағайындар сатып қойсаң.**

Немесе, *шығар* сөзін шумақ соңында қайталау арқылы екінші кезекте эпифоралық тәсілді қолданғанын көреміз:

Осылай оймен ұшып елге **шығар**.

Әкімің елден асқан ерек **шығар**,

Шығыста жаннан асқан шебер **шығар** [10].

Бұл орайда, Сара Тоқтамысова да өз кезегінде *себебі* сөзін шумақ басында бірнеше рет қолданып, анафоралық тәсілді ұтымды пайдаланады:

**Себебі**, соның, аға, неден екен.

**Себебі** Көкшетаудың басшылары [10].

Сонымен қатар аллитерациялық, эпифоралық және ассонанстық қайталауларды да ақын назардан тыс қалдырмайды:

**Шенді** мен шекпенділер көреді **екен**.

**Шекпенділер** қайтқан соң, ортан қолды,

**Адамдарға** біраз назар бөледі **екен**.

**Ал,** дертіне дауа жоқ байқұс кедей [10].

Сайып келгенде, айтыс барысында төкпе жырлардағы ырғақтылық, структуралық құрылымдағы қайталанушылық кейбір көркемдік құралдардың бірі болып есептеліп, эмоционалдық-образдылық қасиетін арттыра түседі. Өлеңге сымбат, келісім береді, сәйкестікке, өлшемділікке көшіреді. Құнарлы ой айтуға мүмкіндік тудырады. Дәуір тынысын, замана шындығын, адам жанының сан иірім сырларын, психологиялық табиғатын, ішкі сезімді сездіруге ырғақ күдіреті жетеді. Ырғақ мінезінде ерекше әсерлілік, өтімді өткірлік, жеңіл ойнақылық, үрдіс қимыл, жатықтық, асқақтық бой көрсетеді. Соншалықты поэтикалық әсемдік, философиялық ой, психологиялық құбылыс жарастық тапқан. Бұл өз алдына айтыстағы мына бір жолдардан да аңғаруға мүмкіндік береді [14, 6-б.].

Айтыс барысында Арман Бердалиннің көркемдік құралдардың бірнеше түрін бір шумаққа ұтымды түрде сыйғыза алатынын да аңғаруға болады. Мәселен, тармақ басында дауыссыз дыбыстарды бірнеше рет қайталау арқылы аллитерацияны, тармақтың соңғы жолдарында *келмес* немесе *жатыр* сөзін бірнеше рет қайталау арқылы эпифоралық тәсілді және сөз бен жырлы тұйық, сұйық сөздері арқылы кейіптей алғанын көре аламыз.

Сөздері Арманжанның *тұйық келмес*,

Сараның да жырлары *сұйық келмес* [10].

Немесе,

Нетүрлі масқаралар шығып **жатыр**,

Жастарың суымызды сығып **жатыр** [10].

Яғни төмендегі жолдар арқылы біз оның сан рет аллитерациялық тәсілді не үшін қолданғанын да байқай аламыз. Әр тармақта бір дауыссыз әріпті қайта-қайта қайталау арқылы қарсылас ақынның назарын да аудартқанын түсінеміз:

Сен неғып жез киіктей желіп жүрсің,

Секілді ішкен-жеген асың майлы.

Семейден мені іздеп келіпсің ғой,

Саражан айтып берші осы жайлы?

Құлыншақ қышынбаса тектен-текке,

Құба талға маңдайын қасымайды [10].

Әлбетте, Сара Тоқтамысова да ассонанс және аллитерация тәсілін сөз жарыстағы өлең жолдарын көркемдеу мақсатында ғана емес, жұптас ақынның өзіне толықтай назар аударуына әсер ететінін де түсінеді:

Алматының төріне шығып алып,

Айланың алдаспанын дөп сермедік.

Періште де алтын көрсе жолдан таяр [10].

Асылы, шындықты суреттей отырып, кез келген ақын белгілі бір ойды, сезімді, пікірді, көзқарасты білдіреді. Айтыста қиялдың өзі – ой, ойың – сөз, сөз – музыка. Осындай сабақтас, қандас, тектес құбылыстардың біреуі екіншісімен етене араласып кетеді, бірінің қасиеті екіншісіне ауады, бірінің сипаты, сыры, қимыл-әрекеті, сәулесі басқаларға ауысады. Бұл орайда, біз ақындардың жиі қолданылатын көркемдік құралы ретінде *аллитерациялық, ассонанстық, анафоралық және эпифоралық* қайталауларды атауға болады.

Зерттеу барысында айтыс өнерінің фольклорлық, эстетикалық және психологиялық негіздері жан-жақты талданып, оның синкретті жанр ретіндегі ерекшеліктері анықталды.

Айтыс тек поэтикалық сайыс емес, ол – ұлттық болмыс пен дүниетанымды, тарихи жад пен әлеуметтік көзқарасты бейнелейтін рухани-мәдени құбылыс екені дәлелденді. Жоғарыда біз зерттеуші ғалым С. Кенжеахметов айтысты қазақ халқының әдет-ғұрыптары нәтижесінде қалыптасатынын, әдебиетші С. Қасқабасов театр мен фольклордың үндестігін, кейінгі зерттеушілердің коммуникативтік-интерактивтік сипатқа ие, халықтың этникалық дүниетанымын танытатын бірлескен шығармашылық диалог деген көзқарастарына өзіндік тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар зерттеу нысанына алынған ақын Арман Бердалин мен Анар Жаппарқұловамен айтысы талданып, ондағы қос ақынның айтысы жеңге мен қайын арасындағы әзіл түрінде құрылғанымен, онда тарихи тұлғалардың еңбегін, ондағы мақамдарын қолдану да тыс қалмағанын, ал айтыстың барысы ерікті, шұбыртпалы ұйқасқа құрылғанын да байыптадық. Арман Бердалиннің Балғынбек Имашевпен айтысында қазақ халқының тарихындағы келелі тарихи оқиғалар тізбесі айтылып, Ресейдегі Кенесары Қасымұлының бас сүйегінің әлі де елге оралмау мәселесі айтылғаны, айтыс барысында көркемдегіш құралдардың ішінде, қайталау, эпитет, метафоралардың қолданысы айтылып өтіледі. Ал Арман Бердалиннің Сара Тоқтамысовамен айтысы қыз бен жігіт айтыс түрінде құрылып, ондағы әдеби көркемдегіш құралдардың, ұйқастардың үндестігіне мән берілді.

Арқа ақыны Арман Бердалин, негізінен алғанда, Арман Бердалин Айтбай Жұмағұлов, Анар Жаппарқұлова, Балғынбек Имашев, Дәулеткерей Кәпұлы, Айбек Қалиев, Күмісай Сарсенбаева, Сара Тоқтамысова, Серікзат Дүйсенғазы, Қанатбек Зәйтolla сынды айтыскермен жиі айтысқан белгілі. Енді бірді-екілі осы айтыстарда Арман Бердалиннің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдануына назар аударсақ.

Мәселен, Айтбай Жұмағұловпен сөз жарысқа түскенде:

«Сөзім – от, өрттеймін бойыңды,

Жел жүрсе жыңғылдайды, мен жетемін биіктен» [10], – дей келіп, сөзін *отқа* балау метафорасын, «Қаһарлы дауылдай сөз айтамын, Айтбайдың айбарын айтамын», – сынды жолдарында сөзді *қаһарлы дауыл* эпитетімен ұтымды жеткізе біледі. Ақын А. Бердалин Анар Жаппарқұловамен айтысында жүректі *жылтыраған айнаға* теңеп, шындықтың баламасы ретінде көреді:

«Жүрегім – жылтыраған айна,

Сенің сөзің – көлеңке, суық». Ал шаршы топта дауды бір ауыз сөзбен шешетін де, дауды тудыратын да тілді уылжыған жылан метафорасы арқылы ұтымды жеткізе білгенін көреміз: «Анарым, сенің тілің – уылжыған жылан» [10]. Ал Балғынбек Имашевпен айтысында адамның өзіндік ойы мен көзқарасын «жанның жаңғырығы» метонимиясымен алмастырады:

«Балғынбек ақтауды қалайды,

Жаныңның жаңғырығы естілді» [10]. Ал өнер адамының ішкі жандүниесінің жырмен көрінісін: «жарқыраған сөз, жалындаған жан» эпитетіне балайды. Арман Бердалиннің Дәулеткерей Кәпұлымен айтысындағы конверсия мен кейіптеу әдістерін жиі қолданғанын байқаймыз:

«Кәпұлының көзі ашық, көкірегі кең,

Мен де жүрегіммен айтамын ән» [10]. Бір байқағанымыз, ақын А. Жұмағұловпен айтысында сөзді от десе, Д. Кәпұлы айтысында сөзді найза метафорасымен алмастырады: «Сөзім – найза, дәл тимек нысанаға» [10]. Жоғарыда атап өткеніміздей, жыр додаға түскен айтыскерлердің қатарында Айбек Қалиев те бар. Бұл ақынмен айтысында қарсылас ақынның сөздің майын тамызар тіл шебері екенін айта келіп: «Айбектің сөзі – балдан тәтті», – десе, ақынды асыл сөздің иесіне эпитеті арқылы бағалайды: Айбек – асқақ ақын, асыл сөздің иесі». Қарсылас ақынды дәл осындай мадақтау үрдісін Арман Бердалиннің Күмісай Сарсенбаевамен айтысынан да көреміз:

«Күмісай көзі – айдың нұры,

Сөзі – тұнық бұлақ» [10]. Ала ақынның тіл шеберлігін: «Сөзің – күзгі самалдай салқын» теңеуі арқылы жеткізсе, Сара Тоқтамысовамен айтысында ақын қыздың сөзін «сәулелі шырақ» эпитетіне балайды: «Сараның сөзі – сәулелі шырақ» десе, енді бірде сөзді жебеге де «сөз – жебе, жүрекке ұрады дәл» теңестіреді. Сол сияқты Серікзат Дүйсенғазымен айтысында: «Серікзаттың сөзі – елдің үні», «Дүйсенғазының даусы – терең теңіз, Менің сөзім – арыстанның үні» сынды параллелизмдерді де кездестіреміз. Ал Қанатбек Зәйтолламамен айтысында: «Қанатбек – сөздің қанаты, Желмен ұшқан құстай» деуі құдыретті сөзді қанатқа балап, еркіндік пен биіктік символы ретінде көрсетеді. Немесе, «Зәйтолла сөзі – жылтылдаған найзағай» деп қарсыласының ұтымды ойларын «жылтылдаған найзағайға» да балай түседі. Күтпеген, күшті сөз. Негізінен алғанда, қазіргі жаңа қалалық айтыстардың мазмұны бүгінгі жаңа өмірдің, Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси фактілер мен оқиғаларды бейнелейді. Алайда, өзінің мазмұны жағынан айырмашылығы болса да жаңа айтыстар көптеген тыңдаушылардың алдында өтетін шығармашылық сөз жарысының өткір, эмоциялық-ұлттық формаларын сақтайды. Айтысты қазіргі тыңдаушылар да, әрі бұрынғылар да шығармашылық үрдіске бірге белсенді қатысады, бірге шығармашылық негіз жасайды, бірге әсерленеді, көз алдарында өтіп жатқан шығармашылық үрдісті қолдайды, сынайды және шығармашылық сөз сайысының нәтижесін анықтайды [15,3].

Солтүстік Қазақстандағы Арқа айтыс мектебінің өкілі Арман Бердалиннің айтыстары негізінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Арман Бердалин айтыстарында шұбыртпалы ұйқас, қара өлең ұйқасы, егіз және шалыс ұйқас түрлерін шебер қолдана отырып, ритм мен интонацияны айқын сездіре білетіні анықталды. Бұл – оның айтыс мақамының ырғақтық-интонациялық үйлесіммен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

2. Ақын айтыстарында аллитерация, ассонанс, анафора, эпифора, инверсия, метафора, эпитет, кейіптеу, риторикалық сұрақ сынды көркемдік тәсілдерді жүйелі қолдануы – оның сөз шеберлігі мен поэтикалық стильдік даралығын айғақтайды.

3. А. Бердалин мен А. Жаппарқұлова, Б. Имашев, С. Тоқтамысова арасындағы айтыстарда тарихи-поэтикалық сабақтастық, ұлттық рух пен азаматтық үн, сондай-ақ айтыстың юморлық, сатиралық, философиялық арналары қатар өрілгені дәлелденді.

4. Айтыскердің қарсыласына бағытталған көркемдік-ирониялық тәсілдері (мысалы, фразеологизмдерді, көнерген сөздерді, орыс тілінен енген лексемаларды пайдалануы) сатиралық-психологиялық әсерді күшейтудің әдісі ретінде танылды.

5. Арман ақын шығармашылығы – айтыстың қазіргі заман талаптарына икемделіп, рухани дәстүр мен қоғамдық шындықты үйлестіре бейнелейтін үлгісін танытады. Оның шығармашылығы айтыстың көркемдік және танымдық әлеуетін кеңейтіп, жаңа буынға бағыт-бағдар береді.

Айтыс тек сөз тапқырлығының ғана жаршысы емес, ол халықтың рухани ауыз әдебиетімен қауыштырар көпірі. Жазба ақындардың туындысы оқырманын тауып, өз бағасын әділ алғанша біршама уақытты талап етсе, ал айтыс ақынының әрбір сөзі елдің алдында бірден айтылып, сөз талқысына түсіп, әлеуметтік және эстетикалық міндетін орындап отыратыны аян. Яғни жазба туынды түр мен мазмұн жағынан, уақыт пен оқырманның сын тезінен ай, жыл, тіпті ғасырларға үн қосса, айтыс өлеңі сол сәтте көпшілікті тәнті етеді де ғасырлармен жалғастық табады. Сондықтан да қазіргі қазақ айтысының өкілдерінің бір – Арман Бердалин айтыстарының өзіндік ерекшеліктерін тану арқылы, біз Арқа өңіріндегі айтыс ақындарының өзіндік мақамдарын да зерделей алдық. Айтыс барысында ақын жырларының көркемдік ерекшеліктері, троп және фигура түрлерін қолданудағы шеберліктері айқындалды.

Сайып келгенде, қазақ халқының ұлттық мәдени мұрасы айтысты нақты бір айтыскер мұрасын зерделеу арқылы тану – кейінгі зерттеуші ғалымдар мен өсіп келе жатқан ұрпақтың

ұлттық және тарихи сана сезімдерінің ғана қалыптасуына ғана емес, өңірлік айтыстың қалыптасу және даму үрдісін бағамдауға негіз болары сөзсіз.

*Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР 19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБ гранттық қаржыландырумен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.*

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Kenzheahmetuly S. Aitys. Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Almaty: «Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022. – P. 142-151.
2. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
3. Berdibayeva S. et all. Psychological nature of the art of aitys // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – Vol. 1, №383, – P. 235–241. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.999>
4. Кожамбетова Ж. Музыка казахского айтыса: Автореф. ... канд. искусств. – Алматы, 2010. – 32 с.
5. Мурсалимова Н. Жетісу ақындар айтысының жиналу тарихы (қолжазбалар негізінде) // Керуен. – 2022. – №2, 75-том. – Б. 14–24. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.1-07>
6. Мұқанов С. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Екінші басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 241 б.
7. Saudbayeva M. et all. Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science. – 2014. – Vol. 122. – P. 72–76. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305>
8. Сейітжанов З.Н. Қазіргі айтыстың тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері // Керуен. – 2022. – №4, 77-том. – Б. 24–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-01>
9. Tleuberdina G. et all. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // Astra Salvensis. – 2021. – №1. – P. 59–65.
10. Бердалин А. Айтыстары. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=5qfqffni1v0&t=73s> (date of access 10.12.2024)
11. Тлеубердина Г. Көкен Шәкеев әлемі: монография. – Астана: Алтын кітап, 2018. – 178 б.
12. Әлбеков Т. Жетісу ақындары. Зерттеулер. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2012. – 220 б.
13. Жармұхамбетұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.
14. Attfield R. Environmental Ethics: A Very Short Introduction. Illustrated edition. – Oxford, United Kingdom; New York: Oxford University Press, 2019. – 133 p.
15. Бердібаева С. Айтыс өнерінің этнопсихологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 182 б.

#### REFERENCES

1. Kenzheahmetuly S. Aitys. Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Almaty: «Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022. – P. 142-151.
2. Qasqabasov S. Zhanazyq. Ar zhylygy zertteuler [Research for each year]. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b. [in Kazakh]
3. Berdibayeva S. et all. Psychological nature of the art of aitys // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – Vol. 1, №383, – P. 235–241. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.999>
4. Kozhahmetova Zh. Muzyka kazahskogo aitysa: Avtoref. ... kand. iskusstv. [The music of Kazakh aitys: Abstract.]. – Almaty, 2010. – 32 s. [in Russian]
5. Mursalimova N. Zhetisu aqyndar aitysynyn zhinalu tarihy (qolzhazbalar negizinde) [History of the collection of Zhetysu Akyn aitys (based on manuscripts)] // Keruen. – 2022. – №2, 75-tom. – B. 14–24. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.1-07> [in Kazakh]
6. Muqanov S. Qazaqtyn XVIII–XIX gasyrdagy adebietinin tarihydan ocherkter [Essays on the history of Kazakh literature of the XVIII–XIX centuries]. Ekinshi basylym. – Almaty: Qazaq universiteti, 2002. – 241 b. [in Kazakh]

7. Saudbayeva M. et all. Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science. – 2014. – Vol. 122. – P. 72–76. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305>
8. Seitzhanov Z.N. Qazirgi aitystyn taqyryptyq-ideialyq zhane zhanrlyq erekshelikteri [Thematic-ideological and genre features of modern aitys] // Keruen. – 2022. – №4, 77-tom. – B. 24–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-01> [in Kazakh]
9. Tleuberdina G. et all. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // Astra Salvensis. – 2021. – №1. – P. 59–65.
10. Berdalin A. Aitystary. [Electronic resource]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=5qfqffni1v0&t=73s> (date of access 10.12.2024) [in Kazakh]
11. Tleuberdina G. Koken Shakeev alemi: monografia [The world of Koken Shakeev: monograph]. – Astana: Altyn kitap, 2018. – 178 b. [in Kazakh]
12. Albekov T. Zhetisu aqyndary. Zertteuler [Zhetysu poets. Research]. – Almaty: Adebiet zhane oner instituty, 2012. – 220 b. [in Kazakh]
13. Zharmuhambetuly M. Aitys olenderinin argy tegi men damuy [The origin and development of aitys poems]. – Almaty: Murattas, 2001. – 293 b. [in Kazakh]
14. Attfield R. Environmental Ethics: A Very Short Introduction. Illustrated edition. – Oxford, United Kingdom; New York: Oxford University Press, 2019. – 133 p.
15. Berdibaeva S. Aitys onerinin etnopsihologiasy [Ethnopsychology of aitys art]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 182 b. [in Kazakh]